



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

БАЙЫРҒЫ ТҮРКІ ТІЛІНІҢ ТЕРМИН ЖАСАМЫ

Нүрерке Жартын

nur-erke88@mail.ru

II курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ХҚФ, түрктану кафедрасы

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – И.Нұрахметұлы

Октябрь революциясына дейін түркі этносы соның ішінде қазақ халқы ұлттық этномәдениетінің ерекшелігіне сай халықтық термин жасап қоғамдағы қатынас құралы етіп пайдаланып келді. Түркі этносының халықтық терминжасамы жыл санаудан (ж.с.) бұрынғы дәуірден басталатыны тіл мамандарына түсінікті. Ғасырлар тереңінен басталған халықтық терминжасамның нәтижесіндегі ана тіліміздегі терминқоры аса мол сақталған. Оның негізгі қайнар бұлағы байырғы түрік бітіг (руна) мәтініндегі (Күлтегін, Білге қаған, Тұй-ұқық, Куличор, Сабыра-Тархан, Тэс, Теркін, МШУ ескерткіштеріндегі) және байырғы ұйғыр, манихей алфавитімен жазылып сақталған құндылықтар ортағасыр мұралары Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», М.Қашғаридің «Түркі тілдер сөздігі» т.с.с. жүздеген еңбектер.

Бұл тарихи-рухани еңбектерде төмендегі салалар бойынша терминдер сақталған. Онда:

1. Туыстық атаулар
2. Қоршаған орта, табиғат байлықтары
3. Қоғамдық және саяси-әлеуметтік атаулар
4. Жан-жануар, аң-құстарға, балықтарға байланысты атаулар
5. Географиялық атаулар
6. Астрономиялық атаулар
7. Діни және мистикалық атаулар
8. Тіл білімі және тарихқа байланысты атаулар т.с.с.

Осыншама саланың атауларын ертеорта ғасыр мен орта ғасырда екі түрлі принциппен жасалған. Онда:

- а) Түркі тілінің лексикалық заңдылығы
 - б) Халықаралық атаулар немесе шет тілдерден енген
- 3.1. Түркі тілінің лексикалық қоры арқылы терминжасам

Ертеорта және орта ғасырда түркі тілінің заңдылығына сүйеніп, тілдің лексикалық байлығын, мол қорын пайдалана отырып, әр түрлі әдіс тәсілді қолданып термин жасаған. Ол дәуірде терминдегі дәстүрлі әдістерді пайдаланған. Онда:

1. Лексика-семантикалық әдіс
 2. Морфологиялық сөзжасам әдіс
 3. Аналитикалық немесе синтаксистік әдіс
 4. Шет елдік терминді тікелей аудару арқылы
 5. Шет елдік терминдерді тура қолдану арқылы
- 3.2. Лексика-семантикалық әдіспен терминжасамы

Түркі тілінің ұдайы қолданыста болатын қарапайым тұрмыстық лексиконы ана тілдің заңдылығы бойынша қолданып термин жасаған. Осы әдіспен жасалған терминдерге сараптама:

1. Төг-билік, өкімет. Саяси термин (КТ. I, 3,13. 8,16. 22, 30,31; БК.Т 2.36; II 9,10; Uig. I. 25,10; МК. III. 120, Chuast.А. 115; Suv. 478.8; QBN 410.7, 69.6, 10.1, 115,13).

Қазіргі қазақ тілінде «төр» киіз үйдің төрі. Мысалы: «Төрдегі төрелер». Мұнда төрде отырған чиновниктер, төрде отырған билік адамы, бастық, басқарушы адам деген мағына береді. Орта ғасырдағы моңғол тілінде және қазіргі моңғол тілінде «tög» (власть) – билік, өкімет (БАМРС. III. 245; Цэвэл. 1966 с. 551).

XIV ғасырдағы «Кодекс куманикусте» «tör» - заң, тәртіп, ереже (КК. 18.3). IX-X ғ.ғ. мұрасы «Бақсылар зікірі» атты еңбекте «tör» - билік, өкімет. Мысалы: Орхон мәтінінде «ertenü uluü tör» - ертеңі ұлы өкімет (билік) СБК. II. 9.10) El başlayu törüsın ötünür sizler ajytu – ел бастаушы билікте (өкіметтен) өтініп сұраңдар (Uıg. I. 25.10).

М.Қашғари сөздігінде: «Küç elgin kırse törü tünlikten çuуar – халық күштесе билік (өкімет) түңіліктен шығар» (МК. III. 120)

Қазақ халқында «Төбесіз ел болмайды, төресіз жер болмайды» деп биліктің адамын «төре» деп атаған. Ал орта ғасыр түріктері «Төбесіз жер, төресіз ел болмайды» деп, «төр» сөзін билік, өкімет деген мағынада көрсеткен.

Бұл аталмыш деректер «tör» сөзі бастапқыда «үйдің төрі» деген мағынада болып, кейін мемлекет орнағаннан кейін мемлекеттің өкіметін, билігін «төр» деп атаған сияқты.

2. El – тайпа, тайпалық одақ, мемлекет, саяси термин. (КТ. I. 4.13, 15, 22, 23, 29; МШУ I. 2, III. 34; Туй. 1; ХТ. II, 5; III. 2; КЧ. 3.22; Е. 2.3.26-29. МК. I. 48; QBN 117.4; Usp 14.20; QVK 108.8)

Қазіргі барлық түркі тілдерінде «ıl, iıl, el» деген түрде терминдер кездеседі. Мағынасы жоғарыдағыдай. (Қарақыз ЭСТ. 1974 с. 334-347). Оған қарағанда орхон-енисей мәтінінен бастап жазба деректердің барлығында «тайпа, тайпалық одақ, ел, мемлекет» деген мағынасы өзгермей бүгінге жеткен.

Орхон мәтіндерінде:

- «Elig tutup törü itmis» - мемлекетін орнатып өкіметін (билікті) жасақтады (КТ. I. 3)

- «El etmis bilge qaуan» - мемлекет құрушы (жасақтаушы) Билікті қаған. El qaуan – Бұмын қаған лауазымы (МШУ I. 1).

- «Bilge tuj-uquq ben özüm tabуaç elinte qylyntym» – Билікті Тұй – ұқық мен өзім табғач (қытай) елінде тәрбиелендім (Туй. 1).

- «Eçim qaуan elin törüsın ança qazуanty» - ағам қаған мемлекетін, өкіметін бекемдеді (нығайтты) (КТ. I. 31).

3. Oуuz – тайпа, тайпалық одақ, этникалық атау. (КТ. I. 13,22,28, КТ. II. 6,7,8,13; БК. I. 12, 23, 32, 38; МШУ IV. 47; Туй. 49,62). Мысалы: Oуuz bodun – тайпа халқы (КТ. I. 28). Тоqуз – oqуз = тоғыз оғыз (тайпа) (БК. I. 29).

Üç – oуuz = үш тайпалық (қарлұқ) (БК. I. 32). Sekiz – oуuz – сегіз-оғыз (найман тайпасы) (Терк.28) т.с.с.

Қазір бұл атау көнеріп, түркі тілінде қолданылмайтын болған.

4. Oq

I. Оқ.

- Bir erig oqun urty - Birerig oqun urty – бір ерді оқпен атты (ұрды) (КТ. I. 36).

- Oq urdy – оқпен атты (ұрды) (QBN. 389.3)

- Bodum oq teg – денем оқ сияқты еді (QBN 47.21).

- Jaj quryp oq atty – садақ құрып, оқ атты (Uıg. II. 87.49)

- Atym erşe erşig bolur, oq jaçу – нағыз садақшы болсам атым, даңқым ерлердей ерлер еді (QVK. 238.10).

5. Oq

II. Оқ – ру (тайпа ішіндегі бір сала, бір әулет).

- On oq – он рулы тайпа (Тұй. 19). On oq qaуany jaуumyz erti – он оқ қағаны жауымыз болды. On oq boduny galysyz taşуqtmuz – он оқ халқын қалдырмай қайтарып алдық (Тұй. 30)

- Уууш – иелік, қараша. Bir kısı jaуylsar уууш bodun besikіne tegi qydmuz ermis – бір кісі жаңылса қараша (иелік) халық ұрпағының ұрпағына дейін зардап шегеді (КТ. IV.6).

- Qody ququгyp ууш terdim – төменге ақырып, қарашаларымды (иелігімді) жинадым (МК. II. 83).

- Bir iki уушym bodunum – бір-екі қараша (иелік) халқым (КТ. IV.1)

- Kūči teņi toqušty, uųış qonum uqušty – күші теңдер (бірдей) шайқасты (күресті), қарашаларым түсіністі (МК. II. 103).

«Uųış» сөзінің бастапқы мағынасы «ұғыну». Сөздің осы мағынасы өзінен дәрежесі биік адамның сөзін тыңдау деген мағынада болған сияқты. Сол бастапқы мағынасы ауысып, иелік, қараша (вассал) деген атауға ұласқан сияқты.

7. Baylan

Baylan – жас қозы. Бастапқы мағынасы малға арналған жас қозыны атаған сияқты. Төрелер төрге отырып бағлан етін тойғанынша жеді (М.Әуезов). Осы атау уақыт келе жас жігіт мағынасына ие болған сияқты.

Baylan – ер жігіт, азамат (МК. 385).

8. Baj – бай, дәулет (ДТС. 79)

Baj. I – бай.

- Baj er qajy – бай ердің қойы (Ths. II. 40).

- Baj meñilig qylyaj biz – біз бай, көңілді етеміз (Suv. 341.17).

- Čyqaj bodunyū baj qyldym, az bodunyū ūkūš qyldym – кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым (КТ. IV. 10).

Baj. II – географиялық атауға қолданған.

- Soıdaq tabyāčq seliñide baj balyq jarıt bertım – соғдылар мен табғачтарға Селеңгі (бойына) Байбалық қаласын салуға бұйрық бердім (МШУ. IV.48). Baj – жуащ (географиялық атау) (МК. 514)

Baj. III – адам есіміне пайдаланған.

Baj ара – бай апа (Е. 39), baj buға – бай Бұға (Usp. 14.2), baj temür – Бай Темір (Usp. 2.2), bört baj – Бөрт бай (Usp. 26.3), tuz baj küč bars külüg – Күш Барыс Күлүг (лауазымды) Түз бай (Е.17).

9. Baruq – ғибадатхана. Тәңірлік дін тұтыну б.з. VI ғасырдан бастап байырғы түріктер сыйынатын орын болушы ғибадатхана тұрғыза бастапты. Олар бүгінгі Моңғолия жеріндегі Мұхан қаған (682ж.), VIII ғасырдың алғашқы ширегінде тұрғызған Күлтегін, Білге, Түй-ұқұқ, Таспар қағандардың ғибадатханалары. Осы ғибадатхананы «baruq» деп атапты (Сартқожаұлы Қ. 2003. 171, 179). Мысалы: tabyāč qaqanū ičrekı bedızčıq utty. Añyr, adynčyū, baruq jaraturtym – Табғач қаған ішкі (ордалық) безендірушілерін жіберді. Оларға мүсін, сурет, барық (ғибадатхана) жасатқыздым (КТ. IV. 12).

Añyr taşyū, baruq jaratdym – мүсін тасын, барық (ғибадатхана) тұрғыздым (БК. IV.14).

10. Balbal – қадатас (КТ. I. 16. 25; Оа I. 3. IV.1; БК. II.7,9; Е. 32).

- Baz qaqanū balbal tıkmıs – Баз қағанға қадатас (балбал) қойдырды (КТ. I. 16).

- Qyrqyz qaqan balbal tıkdım – Қырғыз қағанға қадатас қойдырдым (КТ. I. 25).

- Quı señünig balbal tıke bertım – Құғ Сенгүнге қадатас қойып бердім (БК. II. 9).

- Alp erım balbal qysdy – алып ерлеріне қадатас тұрғызды (О. 3).

11. Añyr – мүсін (КТ. IV. 12; БК. IV. 14).

- Añyr taşyū ... jaratdym – мүсін тасын ... орнаттым (БК. IV. 12).

- Añyr, adynčyū, baruq jaraturtym – мүсін, сурет, барық жасатқыздым (КТ. IV. 12).

12. Saғana – шарбақтас (UA. I.1)

- Saғana taş ezer auyr bedızmis – сағана тас оюды эзер салып шықты (UA. I.1).

Қазіргі қазақ тілінде өлген адамның басына тұрғызылатын орынжайды «сағана там» деп атайды (ҚС. 2014. 1097). Сонымен қатар қазақ тілінде керегенің тал шыбықтарын да «сағана» деп атайды. Ике-Асғат жазуындағы «сағана» атауының кездесуі бұл атаудың сонау Көк Түрік дәуірінен жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Бүгінге дейін байырғы түріктердің Ғибадатханасына орнатқан шарбақтастарды «саркофаг» (табыттас) деп келген екен. Ол жерде адам мүрдесі болмайтынын археологтар анықтаған. Бұл жерге байырғы түріктер өлген адамның мүсінін қоятыны дәлелденіпті. Сондықтан бұл орынды «саркофаг» (табыттас) немесе шарбақтас деп атаудың орнына Қ.Сартқожаұлы «Сағанатас» деп атау туралы ұсыныс жасаған (Сартқожаұлы Қ. 2012. 286-291б.).

13. Syn. I – сүйек, мүрде (МК. 138; Man. III. 18.7; 18.13; Suv 619.13).

- ...sun sönükte barçe igtörüjür – мүрдеде әрқашан ауру болады (Rach. II. 3.39).

- Synu sönükü saçu birle arquru turkuru jatmaşyn – мүрденің сүйегі, шашы барлығы шашылып жатпасын (болмасын) (Suv 619. 13).

Syn. II– бейт, мола, көр (ҚЧор. 12; МК. III. 65. 138, 152; ДТС 503).

- Synqa kirüp kerü janmaş – молаға кірсең кері (қайта) шықпайсың (МК. III. 65).

- Qary – çor tegin synu – Қары – чор тегін бейітті (ҚЧор. 12).

Қазақ тілінде көне дәуірде тұрғызған ескерткіш тастарды «сынтас» (ҚС. 2014. 1193) деп атайды. Ал ол болса, «көртас» бейіттің тасы, өлген адамға арнап қойған тас ескерткіш деген мағна беретініне көз жеткіземіз. «Сынтас» атауы да міне, көк түрік дәуірінен бері қарай жалғасып келе жатқан атау.

14. Qul – құл (КТ I. 7, 13, 20,21, 24; БК 7, 17,20, 24, 18, 36; МК. II. 294; QBN. 183, 9; QBN. 168; QVK. 8.214).

Барлық түркі тілдерінде сақталған (ЭСТЯ. 2000. 120, 121).

Qul. I. Ol ödke qul qulluq bolmuş erti – ол заманда құл құлды болған еді (КТ. I. 21).

- Tabyaç bodunqa beglik ury oylun qul quldy – халқы күң, құл болды (БК. I. 17).

- Bu jerde maña qul boldy – бұл жерде маған құл болды (БК. I.36).

- Qul teñirke bütti – құл тәңірге сыйынды (МК. II. 294).

- Qulum, küñüm bodunuy teñgi jer aju berti – құлым, күнім халқыма Тәңір-Жер аян берді (МШУ.13).

- Bajat berdi qulqa eki köz qulaq – құлға екі көз, құлақ (деген) байлық берді (QVK. 214.8).

Qul. II. Адам есіміне және лауазым атауына қолданылған.

- Qul ara uruñu – Құл апа уруну (Ths. I. 4).

- Qul qora – құл қора (ЮгА 298).

«Qul» лексиконы баба түрік тілінде «boqul» болуы да мүмкін. Моңғол тілінде «boqul», М.Қашғарида «boqul» (МК. II. 172) формасы сақталған. Кейін уақыт өте келе «bo-qul» сөзінің «bo» түбірі түсіп қалып, «qul» болып өзгерген сияқты.

15. Kün – күң (әлеуметтік термин) (КТ. I. 7, 13, 20, 29; БК. I. 7,17; МШУ. 13; МК. III. 428; ТТ. IV. B. 16). Барлық түркі тілдерінде сақталған (ЭСТЯ. 1999).

- Sılık qyz oylun күñ boldy – сұлу қыз ұрпағың күң болды (КТ. I. 24).

- Boduny күñ qul boldy – халқы күң, құл болды (БК. I. 17).

- Ol күñке jip egirtti – ол күнге жіп иіртті (МК. III. 428).

16. Keregü – киіз үй. Зат атауы (БК. I. 1; МК. III. 205, МК. I. 404; Ths. II. 27).

- Kız keregülug begleri bodunu – киіз үй бектері халқы (БК. I. 1).

- Kök kördi keregü juttu – аспанды көріп еді, киіз үй жапты (МК. I. 404).

- Keregü içi ne teg ol – киіз үй іші неге ұқсас еді ол (Ths. II. 27).

- Er keregülendi – азамат ер үй құрды (МК. III. 205).

Қазіргі қазақ, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, алтай, тува тілдерінде «keregü» деген формамен киіз үйдің керегесін атайды. Ал моңғол тілінде киіз үйді «ger» деп атайды. Ол түрік тілінің «keregü» сөзінің бастапқы ker/ger буыны сақталып «ger» деп атайтын болып қалған сияқты.

17. Adıyır – айғыр (мал атауы) (КТ. I. 36; II. 11; Ths II.86; Suv 555.8).

- Kültegin aq adıyуу bınır – Күлтегін ақ айғырын мініп... (КТ. I. 36).

- Özlük atyn, adıyуyn türküme bodunyma gazıanu bertim – Бәсіре атын, айғырын түркілеріме алып бердім (БК. II. 11).

- Ögürme quttu adıyır ben bertim – үйіріңе құтты айғырды мен қосып бердім (Ths. II. 86).

- Bajıyуyn aq adıyуу – Байыркудың ақ айғырын... (КТ. I.37).

Қазіргі азербайжан, қарайым, гагауз, қырым татарлары, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай, хакас, түрк, өзбек, ұйғыр тілдерінде «ajıyу», «bajıyу»,

«ajɣuɣ», сары – йокурда «azɣuɣ», тува тілінде «asɣuɣ», қойбалы диалектісінде aʒuɣ/aɣuɣ; якут тілінде «atɣuɣ», чуваш тілінде «ajar» деп айтылады (ЭСТЯ. 1974. 107).

Олай болса ең көне жазба дерек орхон (КТ. БК), Дун-хуаннан табылған «Ырық бітігітерде» «adɣuɣ» деген формамен сақталуына қарағанда параформасы «adɣuɣ» болған сияқты.

Алғашқы буынның екінші «d» дыбысы d-j-s-z-ʒ болып өзгере отырып чуваш, якут тілдерінде мүлдем түсіп қалған.

18. Azman – азбан (мал атауы) (КТ. 45,46; МК. I. 130).

Көптеген түркі тілдерінде, соның ішінде түрк, азербайжан, татар, қырғыз, қазақ, ноғай, өзбек және моңғол тілдерінде «azman», «azban» деген формамен сақталған.

- Kültegin azman atyn bınır, oplaju tegti – Күлтегін азбан атын мініп опыра шабуылдады (КТ. 45).

Бұрынғы түпнұсқалар мен қазіргі түрк, моңғол тілдерінде пішкен малды «азбан», «азман» деп атаған. Мысалы: түркі тілдерінде «azman buqa» (азбан, буқа), azman teke (азбан теке) т.с.с.

19. Altun juş – алтын жынысы (Алтай тауы). Мұнда екі түбірлі сөзді қосып атау жасаған (КТ. I. 36).

Мұндай мысалдар жер-су аттары, адамның есімдерінде, лауазымдарда көптеп кездеседі. Мысалы: Ertis ögüz – Ертіс дариясы (КТ. I. 37). Jınčü ögüz – Інжу дариясы (Сырдария) (КТ. I. 3). Jaşyl ögüz – Жасыл өзен (Хуанхэ) (КТ. I. 17), Qadyrqaŋ juş – Қадырхан жынысы (КТ. I. 21), Qara köl – Қара көл (КТ. I. 42). Şantun balyq – Шантун қаласы (КТ. I. 3.17).

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Қашғари М. Түрік сөздігі Алматы, 1997.
2. ДТС – Древнетюркский словарь. Л. 1969.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы, 2005.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Астана, 2009.
5. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Астана, 2005.
6. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Алматы, 2012.
7. Гасымов М.Ш. Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дис...д-ра филол. наук. Баку, 1972.
8. Елубаев С. Терминологические проблемы преподавания математики в казахской школе: Автореф. дис...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1974.
9. Жубанов Х.К. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией // Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.
10. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. –Изв. АН КазССР. Сер. геогр. 1951, №99, вып. 3.
11. КРТС – Казахско-русский терминологический словарь к переводу «Вопросов ленинизма». Алматы, 1937.
12. Кайдар А. Актуальные вопросы казахского языка. Алматы, 1998.
13. Куленов К., Куленова С. Русско-казахский словарь по рыбному хозяйству. Алматы, 1971.